Ш Е Ш І М
Қазақстан Республикасының атынан

2024 жылғы 18 қаңтар 3115-23-00-2/3054 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.К.Ясарова қойылған талап бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады.

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Гульсум Евгеньевна Тухметова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4,223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер Гульсум Евгеньевна Тухметованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Гульсум Евгеньевна Тухметова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Гульсум Евгеньевна Тухметовадан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бсе) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Р.К.Ясарова

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 18.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.02.2024, судья Ясарова Р. К., 27.02.2024

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Информационная система «Төрелік»

3115-23-3-1/3510